

**6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Нишанбаева Сабира Зетбековнаның «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Қазіргі әлеуметтік-саяси және қоғамдық-экономикалық өзгерістерде тұлғаның рухани өрісін арттырудың маңызы ерекше. Болашақ маман үшін білім алу – қуаттың түрткісі, рухани қалыптасудың негізгі факторы. Әр адам үшін рухани өріс, рухани қалыптасу жағдайларында тәрбие субъектісі болатын ең басты құрал – отбасы екендігін алға шығарамыз. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен отбасындағы адамгершілік тәрбиесінен бастау алады. Сондықтан өмірдің өзі педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына қазіргі заманғы қазақстандық отбасы мәселесін, Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесін модернизациялаудағы отбасының рөлі мен орнын анықтау, болашақ ата-аналардың педагогикалық-психологиялық мәдениетін көтеру, болашақ педагогтерді отбасылық өмірге өзін-өзі тануға қабілеттілігін шыңдау мен дұрыс әрекет жасауға даярлау, олардың отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жұмыстарының қолға алынуы өзекті мәселе болып отыр.

Олай деуге негіз бар, себебі келесі құжаттарда: «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңында (2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ); Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында; «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында; Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын (бірінші кезең 2017-2019 жылдар) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы №384 Жарлығын іске асыру мақсатындағы қаулысында; Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік береді.

Осы маңызды құжаттардың ішінде, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңының (2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ) 3-бабының 3-тармағында:

«...мәдени, имандылық және рухани құндылықтардың басымдығы; азаматтық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік; ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық тәрбиенің басымдығы», - деп жастар саясатын негіздей түседі.

Сондай-ақ, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» деп аталатын басымды бағытында: «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп... Мен ажырасуға қарсымын, жастарды отбасы құндылығы, ажырасудың қасірет екендігі рухында тәрбиелеу керек, өйткені, оның салдарынан, ең алдымен, балалар зардап шегеді. Бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің де міндеті» - деп отбасы мүшелерінің атқаратын функциясына аса мән береді. Бұл өз кезегінде студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындайды.

Ендеше, бүгінгі студент жастардың отбасы мәселесі тұрғысындағы руханилық құбылысы бөлінбес, тұтас, концептуалды түрде көрінуі үшін, мұндағы адамның санасындағы шыдамдылық, кең пейілділік, имандылық, ар-ұят, жауапкершілік, адамгершілік сияқты дұрыс қарым-қатынас пен мінез-құлық үлгілі өзгерістер арқылы өз кезегінде отбасы-адамгершілік құндылықтар мәселесі өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді.

Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың жоғарыда талдап өткен жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста туындап отырған зерттеу мәселесі болып табылады.

Жалпы алғанда, диссертант С.З.Нишанбаеваның «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысын қазіргі заман талабына сәйкес қарастырылып отырған білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелердің бірі деп атап көрсетуге толықтай негіз бар.

## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

С.З.Нишанбаеваның диссертациялық жұмысында мазмұндалған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп есептеуге болады.

*2.1 Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* ізденушінің зерттеу мәселесін алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалынып, сондай ақ, өзектілігін анықтау шаралары нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларымен байланыста педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда аксиологиялық тұғыр, әлеуметтік-гуманистік тұғыр, жүйелілік-құрылымдық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, мәдениеттанымдық тұғырлары басшылыққа алынған.

2.2 *Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* докторант отбасы, отбасылық құндылықтардың құрылымы ұсынылып, оларға мазмұндық сипаттама береді, «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғым ретінде қарастырылып, мәнін талдауда философиялық, психологиялық және педагогикалық астарлары зерделеніп, құрылымдық мәні жағынан сараланып, ұғымның мәні нақтылануы арқылы дәлелденген.

2.3 *Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* ұсынылған зерттеу нәтижесі ретіндегі педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың мазмұны құрылымдық-функционалдық моделдеудің негізінде түсініліп, танылады. Динамикалық педагогикалық жүйе ретінде блоктары (теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, критерийлік-бағалау), компоненттері (мотивациялық-мақсаттылық, рефлексивтік-іс-әрекеттік, бағалау-нәтижелік), өлшемдері (дүниетанымдық, іс-әрекеттік, білімділік-тәрбиелік) мен көрсеткіштерінің жиынтығын құрайды және деңгейлеріне (төменгі, орта, жоғары) сәйкес жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

2.4 *Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы* педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік кешені: «Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курстың бағдарламасы және «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы, «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы әзірленіп, тәжірибеде сынақтан өткізілген.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Зерттеудің ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалғандықтан **жаңа** болып табылады.

3.2 Философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымының мазмұны құрылымдалып, нақтылануы - екінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады.

3.3 Докторанттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, критерийлік-бағалау блоктарына сәйкес компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-функционалдық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің жаңалығын көрсетеді.

3.4 Диссертанттың жұмысында педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістемесі («Қазіргі заманғы отбасының құндылықтары» атты элективті курстың бағдарламасы және «Отбасылық өмірге дайындаудағы психологиялық тренингтер» топтамасы, «Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері» атты оқу-әдістемелік құралы) жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін жаңалық деп санаймыз.

#### **4.Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы**

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер педагогика және дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталықтары мен педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттары тәжірибелерінде пайдалануға көмегін тигізеді.

#### **5.Диссертацияның негізгі қағидасының,нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама**

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері және тұжырымдары мен қорытындылары мазмұндалған ғылыми мақалалары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік және Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың жалпы саны 12 ғылыми еңбегі жарық көрген. Оның 3-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналында, 5 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, 2 мақала алыс-жақын шетелдік халықаралық конференциялар материалдарында жарияланған және 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрген.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер**

Ізденуші С.З.Нишанбаеваның диссертациялық жұмысы жан-жақты талданып, өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанымен, диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша келесідей ұсыныстар беруге болады:

1. Ізденуші зерттеуде педагогикалық жоғары оқу орны мен қатар басқа сала бойынша да (техникалық, энергетикалық, экономикалық) жоғары оқу орындарының студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізіп, айырмашылығын анықтаса, аталмыш мәселенің құндылығы арта түсер еді.

2. Диссертацияда орфографиялық қателер кездеседі.

Дегенмен, аталған ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құрылымына, тақырыптың өзектілігіне, жасалған тұжырымдардың ғылыми құндылығы мен мәнділігіне нұқсан келтірмейді деп санаймыз. Аталған кемшіліктерді ұсыныс ретінде қарауға болады.

**7 Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды**

Нишанбаева Сабира Зетбековнаның 6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған «Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп есептеймін. Ізденуші Нишанбаева Сабира Зетбековнаға 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймыз.

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті**  
**Өнер және мәдениет факультетінің**  
деканы, қауымд. профессор, **п.ғ.к.**



**С.С. Қоңырбаева**